

## Ахметжан Байниязовтың атына көше атын беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы кент әкімінің 2010 жылғы 06 мамырдағы N 1029 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 19 мамырда N 10-7-105 тіркелді

**Р Қ А О** е с к е р т п е с і .

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 3 тармағын, "Қазақстан Республикасының Әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағын және аудан әкімі жанындағы ономастика комиссиясы мәжілісінің 2010 жылғы N 2 хаттамасын орындау мақсатында **ШЕШЕМІН:**

1. Жаңақорған кентіндегі "Ипподром-4" көшесі болып ауызша аталып келген көше Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері "Аметжан Байниязовтың" атындағы көше болып **б е р і л с і н .**

2. Осы шешім әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді, ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Кент әкімі*

*Л. Ибрагимов*